№ исх: ДЗ-6 от: 18.01.2018
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ

МАЖИЛИСА
ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000,Астана, Парламент Мәжілісі
201__ жылғы«_____»__________
№ ___________________

010000,Астана, Мажилис Парламента
«_____»__________201__ года

**Оглашен 17.01.2018 года**

**Премьер-Министру**
**Республики Казахстан**
**Сагинтаеву Б.А.**

**Депутатский запрос**

**Уважаемый Бакытжан Абдирович!**

В настоящее время город Кокшетау как никогда нуждается в надежном и эффективном источнике тепла и электроэнергии. Существующая локальная котельная *(районная котельная №2)* давно выработала свой технический ресурс и нуждается в срочной замене. Город Кокшетау является **единственным областным центром**, где тепло обеспечивается местной локальной котельной.

Жители города до сих пор с содроганием вспоминают события 20-летней давности, когда в начале 1997 года целые районы города на протяжении нескольких недель **в январе месяце** ***(!)*** оставались без тепла. Трагедия может повториться.

Мы знаем, что в 2012 году Акимом Акмолинской области Кожамжаровым К.П. принималось политическое решение по строительству ТЭЦ в городе Кокшетау, зарезервированы существенные средства. Проект был поддержан Президентом Республики Казахстан Назарбаевым Н.А. Предварительная оценка стоимости проекта составляла **более 750 млн. долларов США.** Однако, в 2013 году по рекомендации и наставлению бывшего руководства Министерства Энергетики РК реализация проекта была приостановлена. Приводились доводы о профиците электроэнергии на Севере страны, при этом согласно концепции развития топливно-энергетического комплекса Республики Казахстан до 2030 года, утвержденной Постановлением Правительства РК

18.01.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.22.0)

от 28 июня 2014 года №724, начиная с 2030 года, прогнозируемый рост нагрузки юга страны превышает возможности вышеуказанного транзита по передаче избытка мощности из Северной зоны, что в итоге может привести к потенциальному дефициту в 470 МВт. **Также не стоит забывать, что город Кокшетау в первую очередь нуждается в тепле, а строительство ТЭЦ в активной фазе займет 3-4 года.**

Из средств массовой информации, а также городского акимата нам известно, что для реализации проекта по строительству ТЭЦ, в город Кокшетау приезжало более 20-ти делегации из таких стран как Россия, Германия, Великобритания, Израиль, Ливан, Китай и.т.д.

Различными инвесторами предлагались варианты решения проблемы, которые так и не представили предложений по финансированию проекта, а это является ключевым вопросом строительства ТЭЦ.На данный момент наиболее приемлемое и реальное предложение поступило от компании «CITIC CONSTRUCTION Co. Ltd» *(КНР)* - дочернее предприятие корпорации «CITIC Group». Компания осуществляет свою деятельность в Республике Казахстан, в 2013 году успешно введен в эксплуатацию завод по производству битума проектной мощностью 460 тысяч тонн в год в г. Актау *(ТОО СП «CaspiBitum»)*. В настоящее время компания реализует проект по реконструкции автомобильных дорог республиканского значения Талдыкорган - Калбатау - Усть-Каменогорск» *(287-1073 км)*. «CITIC CONSTRUCTION Co. Ltd» единственная компания из всех делегации побывавших в городе Кокшетау, при содействии Юго-западного проектного института электроэнергии КНР, провела рекогносцировочные работы в городе Кокшетау, подготовив техническое задание по строительству ТЭЦ (прилагается). Планируемая ТЭЦ по техническим характеристикам будет соответствовать лучшим передовым экологическим стандартам безопасности. При строительстве и эксплуатации ТЭЦ будут учитываться все наилучшие мировые практики управления, в том числе и актуальный в настоящее время вопрос цифровизации существующих бизнес-процессов.По оценке компании, предварительная стоимость проекта составит **390-410 млн. долларов США,** что значительно ниже предыдущих оценок. Компания готова оказать содействие в актуализации технико-экономического обоснования по данному проекту. Кроме того, с учетом пожеланий и предложения акимата города Кокшетау, в случае если изменятся технические параметры ТЭЦ со 180МВт до 70МВт, то **стоимость проекта существенно изменится в меньшую сторону**.

Компания окажет Правительству Республики Казахстан в лице Акимата Акмолинской области содействие в привлечении льготных кредитных средств Эксимбанка или других финансовых институтов Китая

18.01.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.22.0)

(*2% годовых, льготный период от 5-11 лет*) при поддержке в виде государственной гарантии Правительства РК.

**Провайдером или так называемым оператором для реализации данного проекта могло бы выступить местное коммунальное предприятие или АО «Самрук – Энерго».**

Также сообщаем, что по итогам визита Председателя КНР господина Си Цзиньпина в Казахстан по приглашению Президента Нурсултана Назарбаева 8 июня текущего года на полях Казахстанско – Китайского делового Совета, сопредседателем которого с китайской стороны является председатель совета директоров корпорации «CITIC Group» Чан Чжэньмин, планировалось подписание соглашения о стратегическом сотрудничестве по проекту «Строительство ТЭЦ в г. Кокшетау» между Акиматом Акмолинской области и «CITIC CONSTRUCTION Co. Ltd», что подтверждает готовность основных сил успешно реализовать данный Проект.

**Депутаты фракции**
**«Народные коммунисты»** **А. Конуров**
**Ж. Ахметбеков**
**Г. Баймаханова**
**В. Косарев**
**М. Магеррамов**
**И. Смирнова**
**Т. Сыздыков**

**Депутаты фракции**
**«Нұр Отан»** **М. Айсина**
**К. Мұсырман**

**Депутат фракции**
**«Ақ Жол»** **М. Казбекова**

**Депутат от Ассамблеи**
**народа Казахстана** **Ю. Тимощенко**

*Искаков Д.Е.*
*74-67-67*
*87752698888*
iskakov_d@parlam.kz

18.01.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.22.0)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**

**Д Е П У Т А Т Ы**

**Д Е П У Т А Т**

**МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000,Астана, Парламент Мәжілісі
201__ жылғы«_____»__________
№ __________________

010000,Астана, Мажилис Парламента
«_____»__________201__ года

**17.01.2018 жылы жарияланды**

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-министрі**
**Б.Ә. Сағынтаевқа**

**Депутаттық сауал**

**Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Бүгінгі таңда Көкшетау қаласы жылу мен электрқуатының тиімді әрі сенімді көзіне зәру болып отыр. Қазіргі жергілікті қазандықтың *(№2 аудандық қазандық)*техникалық ресурстары таусылған, сондықтан шұғыл түрде ауыстыруды қажет етіп отыр. Көкшетау жылуды жергілікті қазандық қамтамасыз етіп отырған жалғыз ғана облыс орталығы болып табылады. Қала тұрғындары осы күнге дейін 20 жыл бұрынғы оқиғаны естеріне алып отырады, 1997 жылдың басында қаланың тұтас аудандары қаңтар айында бірнеше апта бойы жылусыз қалған. Бұл апат қайталануы мүмкін.

Біз 2012 жылы Ақмола облысының әкімі Қ.П. Қожамжаровтың Көкшетау қаласында ЖЭО құрылысы туралы саяси шешім қабылдағанынбілеміз, қомақты қаржы резервте сақталынған.

Жобаға ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев қолдау білдірген. Жобаның алдын ала құны 750 млн. АҚШ долларын құраған. Алайда 2013 жылы ҚР Энергетика министрлігінің бұрынғы басшысының ұсынысы мен нұсқауы бойынша, жобаны іске асыру тоқтатылды. Елдің солтүстік аймағындағы электр қуатының пайдасы туралы дәлелдер келтірілген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылдан бастап елдің оңтүстігіндегі жүктеменің артуы туралы болжам

18.01.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.22.0)

бойынша Солтүстік аймақтан артылған қуатты тасымалдау мүмкіндігінен асады, бұл өз кезегінде 470 МВт тапшылығына әкеліп соқтыруы абзал. Сондай-ақ Көкшетау қаласы ең алдымен жылуға мұқтаж екендігін естен шығармау керек, ал ЖЭО құрылысының белсенді фазасы 3-4 жылды қамтиды.

ЖЭО құрылысы бойынша жобаны іске асыру үшін Көкшетау қаласына Ресей, Германия, Ұлыбритания, Израиль, Ливан, Қытай және т.б. мемлекеттерден 20-дан астам делегация келіп кеткендігі туралы бұқаралық ақпарат құралдары мен қалалық әкімдіктен белгілі болды.

Инвесторлар мәселені шешудің әртүрлі нұсқаларын ұсынған, алайда жобаны қаржыландыру бойынша ешқандай ұсыныстар жасалынбаған, ал бұл - ЖЭО құрылысы мәселесіндегі ең басты сұрақ. Қазіргі таңда «CITIC CONSTRUCTION Co. Ltd»*(ҚХР)* компаниясынан тиімді және оңтайлы ұсыныс түсіп отыр. Бұл компания «CITIC Group» корпорациясының еншілес кәсіпорны. Компания 2013 жылдан бері Қазақстан Республикасында қызмет жасайды. Ақтау қаласында битум өндірісін іске асыратын зауытты пайдалануға берген. Ол жылына 460 мың тонна қуаты бар «CaspiBitum» ЖШС. Қазіргі таңда компания республикалық маңызы бар Талдықорған – Қалбатау – Өскемен автокөлік жолын қайта жөндеуден өткізу жобасын іске асырып жатыр *(287-1073 км)*. «CITIC CONSTRUCTION Co. Ltd» компаниясы барлық делегациялардың ішінен Көкшетау қаласында болған жалғыз компания. Ол ҚХР Оңтүстік-батыс электр қуаты жобалық институтының қолдауымен Көкшетауда барлау жұмыстарын жүргізіп, ЖЭО құрылысына техникалық тапсырма дайындаған *(қоса тіркелген)*.

Жоспардағы ЖЭО техникалық сипаттамасы бойынша алдыңғы қатарлы экологиялық қауіпсіздік стандарттарына сай болады. ЖЭО-ның құрылысы мен пайдалануға берілу барысында басқарудың барлық үздік әлемдік тәжірибелері ескерілетін болады, сонымен қатар қазіргі таңдағы бизнес-жобаларды цифрландыру мәселесі де қамтылады. Компанияның берген бағасы бойынша, жобаның бастапқы құны **390-410 млн. АҚШ долларын құрайды,**бұл алдыңғы соммаларға қарағанда едәуір төмен. Компания жоба бойынша техникалық-экономикалық негізді актуализациялауға да әзір. Сонымен қатар Көкшетау қаласы әкімдігінің ұсынысы мен тілегін ескере отырып, егер ЖЭО-ның техникалық көрсеткіштері 180МВт-дан 70 МВт-ға өзгеретін болса, жоба құны азаятын болады.

Компания Ақмола облысының әкімдігі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметіне Эксимбанктің жеңілдікпен берілетін несиелік

18.01.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.22.0)

қаражатын немесе Қытайдың басқа да қаржы институттарын ***(жылдық 2%-бен, жеңілдік мерзімі 5-11 жылға дейін)*** тартуға көмектеседі.

Бұл жобаны іске асыруда жергілікті коммуналды кәсіпорын, я болмаса «Самрұқ-Энерго» АҚ провайдер немесе оператор ретінде болуы мүмкін. Сондай-ақ  Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыртуымен өткен ҚХР Төрағасы Си  Цзиньпин мырзаның Қазақстандағы іс сапарының нәтижесінде ағымдағы жылдың 8 маусымында Қазақстан-Қытай іскерлік Кеңесінің алаңында «Көкшетау қ. ЖЭО құрылысы» жобасы бойынша Ақмола облысы әкімдігі мен «CITIC CONSTRUCTION Co. Ltd» компаниясы арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою жоспарланған болатын. «CITIC Group» корпорациясының директорлар кеңесінің төрағасы Чан ЧжэньминҚазақстан-Қытай іскерлік Кеңесінің тең төрағасы  болып табылады. Бұл аталмыш Жобаны іске асырудың негізгі күштерінің дайындығын растап отыр.

**«Халық коммунистері»**
**фракциясының депутаттары** **А. Қоңыров**
**Ж. Ахметбеков**
**Г. Баймаханова**
**В. Косарев**
**М. Магеррамов**
**И. Смирнова**
**Т. Сыздықов**

**«Нұр Отан»**
**фракциясының депутаттары** **М. Айсина**
**К. Мұсырман**

**«Ақ Жол»**
**фракциясының депутаты** **М. Қазбекова**

**Қазақстан халқы**
**Ассамблеясы атынан**
**депутат** **Ю. Тимощенко**

✐ *Искаков Д.Е.*
☎ *74-67-67*
✆ *87752698888*
✉ *iskakov_d@parlam.kz*

18.01.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.22.0)